

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**



**Студенттік жатақханадағы ішкі тәртіп  
ЕРЕЖЕСІ**

**Е ҚазҰАЗУ СЖІТ – 399**

**Келісілді  
Сапа бойынша басшылық өкілі**

  
**M. Алексеева**

**Алматы, 2024**

**Дайындағандар:**

П. Ибрагимов, К. Султангазиев, А. Ералиева, А.Сманов

Осы Ереже студенттік жатақханаларда тұратын білім алушылардың құқықтарын, міндеттерін, марапаттауларын және тәртіптік жазалануларын айқындайды.

Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген, 2024 жылғы 12 тамыздағы №9 хаттама.

### **Мазмұны:**

|  |   |
|--|---|
| 1. Жалпы ережелер .....  | 4 |
| 2. Студенттік жатақхана тұрғындарының құқығы мен міндеттері..... | 5 |
| 3. Марапаттау және тәртіптік жазалау.....                        | 8 |
| 4. Қорытынды ережелер.....                                       | 9 |

# 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - университет) студенттік жатақханадағы ішкі тәртіп Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Студенттік жатақханалар туралы Ережесі нормалары, Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заны; Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бүйріғы; «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында тәрбие жұмысын үйімдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №640 бүйріғы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалары, университет Жарғысы, Еңбек (ішкі) тәртібі Ережелері, санитарлық-эпидемиологиялық, өрт талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Ереже Студенттік жатақханалардың барлық тұрғындары үшін міндетті университеттің нормативтік құқықтық құжаты болып табылады.

1.3 Қаладан тыс елді-мекендерден келген студенттерді, магистранттарды, докторанттарды (бұдан әрі - білім алушылар) орналастыру «Platonus» ААЗ (platonus.kaznaru.kz) арқылы университеттің ресми сайтында 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша («Студенттік жатақханаларға орналастыру және шығару Ережесі» қараңыз) электрондық өтініш арқылы жүргізіледі.

1.4 Осы Ереже қаладан тыс елді-мекендерден келген және шетелдік білім алушыларға арналған студенттік жатақханаларда, сондай-ақ студенттік жатақханаларда тұратын басқа да тұлғаларға (бұдан әрі - Тұрғындар) арналған жұмыс режимін, кіргізу-шығару режимін, ішкі қызмет ету тәртібін белгілейді, олардың құқықтары мен міндеттерін, марапаттау мен тәртіптік жазалау тұрлерін және оларды қолдану тәртібін айқындаиды.

1.5 Студенттік жатақханаға орналасуышылар жатақхана менгерушісіне:

- жеке күәлігін;
- электрондық (өткізу) карточкасын;
- медициналық санитарлық бақылаудан өткені туралы анықтаманы және флюорографияның суретін;

- студенттік жатақханада тұруы үшін төлемақы төленгені туралы түбіртек (10 ай мерзімге, оның ішінде қысқы демалыс уақыты мен практика кезеңін қоса алғанда) ұсынуға міндетті.

1.6 Студенттік жатақханаға орналасуши Тұрғындар төмендегі талаптарды орындауы тиіс:

- осы Ереже, студенттік жатақханалар туралы Ереже және студенттік жатақханаларға орналастыру және шығару Ережесімен танысу;
- университеттің «Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай, өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік техникасы» белімінің мамандары өткіzetін нұсқаулықтан өту;
- белгіленген тәртіппен тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін, сондай-ақ әскери есепке қою үшін құжаттарды ұсыну.

1.7 Студенттік жатақханаға кіру (шығу), төтенше жағдайларды қоспағанда, кіруді бақылау және басқару жүйесі (бұдан әрі – КББЖ) арқылы электрондық карточка бойынша іске асырылады.

1.8 Студенттік жатақханалардағы мұліктің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жиһаздарды, тұрмыстық электр құрылғыларын және т.б. сыртқа шығару жатақхана менгерушісінің рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі.

1.9 Студенттік жатақханаларға келушілерге университет әкімшілігі белгілеген уақытта ғана рұқсат етіледі. Бөлмедегі келушілердің жалпы саны 4 адамнан аспауы тиіс, бірақ бір келгенде бір тұрғын үшін келушілердің саны 2 адамнан аспауы керек.

Студенттік жатақханаларға кіру кезінде келушілер кезекші - қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне (бұдан әрі қарай - ҚҚ) жеке басын куәландыратын құжатты, немесе оны берген мекеменің мөрі келтірілген фотосуреті бар құжатты көрсетуге, келушілерді есепке алу журналына тіркелуге міндетті.

Студенттік жатақханаларда тұратындар өз қонақтарын жеке қарсы алыш, шығарып салуға міндетті. Келушімен кездескен кезде келушінің құжаттарымен бірге қарсы алу құжатты (Студенттік жатақханаға кіру құқығын беретін электронды карточканы немесе жеке куәлікті) келушінің құжаттарымен бірге ҚҚ-на қалдырады.

Келуші Студенттік жатақханадан шыққан кезде құжаттар оған қол қою арқылы қайтарылады, келушілерді есепке алу журналына ескертулер (егер бар болса) және кету уақыты туралы белгі қойылады.

Келушілердің уақтылы кетуі және олардың осы ережелерді сақтауы үшін аталған адамдарды шақырған жатақханаларда тұратындар Тұрғындар жауапты болады.

1.10 Қолданыстағы әкімшілік заңнаманың талаптарына сәйкес студенттік жатақханаларда тұнгі уақытта (сағат 22-00 -ден 6-00-ге дейін) тыныштық сақталуы тиіс.

## **2. СТУДЕНТТІК ЖАТАҚХАНА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **2.1 Студенттік жатақхана Тұрғындары құқылы:**

- осы Ереженің талаптары сақталған жағдайда, бекітілген тұрғын бөлмеде толық мерзімде тұруға;
- жатақханалардың оқу және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы жайларын, құрал-сайман және жабдықтарын пайдалануға;
- жатақхана менгерушісі және студенттік кеңес келісімімен басқа бөлмеге көшуге;
- студенттік кеңесті сайлауға және оның құрамына сайлануға;
- студенттік кеңес арқылы тұрғындарды тұрғын жайлық-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыздандыру, мәдени-бұқаралық бағыттағы шараларды және демалу шараларын ұйымдастыру, тұрғын жайлар мен жалпы мақсаттағы бөлмелерді жабдықтау мен безендіруді жақсарту мәселелерін шешуге қатысуға;
- алдын алу және жою шараларын анықтау үшін кез келген ақаулар мен бүлінулер туралы жатақхана менгерушісіне хабар беруге құқылы.

### **2.2 Студенттік жатақхана Тұрғындары міндетті:**

- осы Ережені, техника және өрт қауіпсіздігі ережелерін, Студенттік жатақхана туралы Ережені, сондай-ақ университетте қолданылатын өзге ішкі нормативтік актілердің талаптарын қатаң сақтауға;
- орналасу алдында жатақханада тұру үшін төлемақы төленгені туралы түбіртекті көрсетуге, бөлме мен блоктың кілттерінің көшірмесін жасауға, содан кейін кілттердің қосалқы жиынтығын жатақхана менгерушісіне екі күн ішінде ұсынуға;

- студенттік жатақханалардың тұрғын-жайларына, жабдықтары мен құралдарына ұқыпты қарауға, электр энергиясы мен суды үнемді жұмсауға, бөлмен (секциях, блоктан) соңғы шыққан кезінде жарықты сөндіруге, терезе мен есікті жабуға;
- ҚР заңнамасына сәйкес, оған жеке пайдалануға берілген мүлік үшін материалдық жауапкершілікте болуға;
- өзі жоғалтқан немесе бұлдірген қоғамдық мүлік пен жабдықтың құнын өтеуге, ҚР заңнамасына сәйкес университетке келтірлген өзге де залалды өтеуге;
- тұрғын үй-жайларды және жалпы пайдалану орындарын өз күштерімен косметикалық жөндеуді орындауға қатысуға;
- тұрғын үй-жайдың тиісті санитарлық-техникалық жай-күйін сақтауға, белгіленген кестеге сәйкес күн сайын тұрғын үй-жайларда және жалпы пайдаланылатын орындарда, қызметтік үй-жайларда және тұратын бөлмелерде (және/ немесе блоктарда) ылғалды жинауды жүзеге асыруға міндетті. Тазалық кестесін қабат старосталары студенттер кеңесінің төрағасымен бірлесе жасайды және жатақхана меңгерушісімен келісіледі;
- университет әкімшілігі белгілеген мөлшерде тұру үшін және ұсынылатын қосымша қызметтердің барлық түрлері үшін төлемақыны уақтылы төлеуге;
- жатақханадан шығу кезінде (оның ішінде қысқы және жазғы каникул кезеңінде) бөлмелер мен өздеріне берілген кереуеттерді, төсек-орындарды, шкафтарды, тоңазытқыштарды, ас үй керек-жараптарын және т.б. тиісті санитарлық-техникалық жағдайда жатақхана менгерушісіне (қол қойғызып) тапсыруға міндетті.
- студенттік жатақханаға сағат 23.00-ден кешікпей оралуға;
- ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін шығару туралы өтініш беруге құқығы бар қабат старосталарының, Студсоветтің, жатақхана менгерушісінің және ҚҚ кезекшілерінің тапсырмаларын орындауға;
- жатақханада өткізілетін жиналыстарға міндетті түрде келуге;
- хабарландыру тақтасындағы ақпаратты күнделікті қарап ақпаратты біліп отыруға, қабат старосталарын студенттердің назарына қажетті ақпаратты жеткізуғе;
- өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін, сонымен бірге тұрғындардың осы Ереженің талаптарын сақтауын, студенттік тұрғын үй-жайлар мен қоғамдық пайдалану орындарының жай-күйін тексеруге байланысты келген университет әкімшілігінің өкілдерін және басқа да уәкілетті тұлғаларды студенттік жатақхананың бөлмесіне кіргізуғе;
- тұрғын үй-жайды (бөлмені) қатаң түрде тұру үшін пайдалануға, кілттерді және тұрғын үй-жайды (ондағы орынды) бөгде адамдарға бермеуге;
- бөлменің жай-күйі тұрғындардың кінәсінен нашарлаған жағдайда оку жылышын соңында бөлмеде косметикалық жөндеу жүргізуге міндетті.

### **2.3 Студенттік жатақханалардың Тұрғындарына тыйым салынады:**

- өзінің жеке өту карточкасын бөгде адамдарға беруге және оларды жатақханада түнеуге қалдыруға;
- алкогольді ішімдіктерді ішуге және/немесе жатақханада алкогольдік, есірткілік немесе өзге де уытты заттарға мас күйінде болуға, дәрігердің тағайындауынсыз есірткі немесе психотроптық заттарды қолдануға не өзге де мас ететін заттарды тұтынуға, есірткі немесе психотроптық заттарды сақтауға, таратуға;
- тұрғын үй-жайларда және жатақхана аумағында қаруды, оның ішінде пневматикалық, травматикалық және суық қаруды (оны алып жүргуге және сақтауға рұқсаты болса да) алып жүргүгө, сақтауға және/немесе пайдалануға;

- «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен тыйым салынған діни сипаттағы жиналыстар, іс-шаралар өткізуге;

- тұрғын үй-жайларда және жалпы пайдалану орындарында темекі шегуге (оның ішінде кальян);

- өздігінен бір бөлмeden екінші бөлмеге көшуге, немесе заттарды ауыстыруға;

- рептилиялар, құстар мен басқа да жануарларды ұстауға;

- тұрып жатқан тұрғын-жайға өзгеріс енгізуге, қайта жабдықтауға, электр желісін өзгертуге, өткізгіш сымдарын жөндеуге;

- техникалық құзет құралдары, КББЖ, бейнебақылау, кабельдік және сымсыз жүйелер, өрт-құзет дабылы және басқа да техникалық бақылау жүйелерінің белгіленген қызмет ету режімдерін бұлдіретін (өзгертетін) әрекеттер жасауға;

- инженерлік желілер жүйелерінің (жылу/газ/электр-сумен қамсыздандыру және т.б.) элементтерінің бұзылуына немесе істен шығуына ықпал ететін іс-әрекеттер жасауға;

- студенттік жатақханалар аумағын ластауға, дәліздерде, ас бөлмелері және басқа да ортақ пайдалану орындарында қоқыс қалдыруға;

- тұрғын-жайлар мен ортақ пайдалану орындарында қосымша электр жылдықштарын орнатуға;

- бөлме аумағынан тыс дыбыс деңгейі қатты естілетін магнитофондарды, теледидарларды қосуға;

- деканаттың рұқсатынсыз және университеттің мүдделі бөлімшелерінің келісімінсіз би, дискотека және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға;

- тұнгі уақытта (22-00-ден 6-00-ге дейін) дыбыс шыгаратын аппаратураны қосуға, ән айтуға, шулауға және т.б.;

- терезелерден далаға шығуға, шатырға көтерілуге, шатырға шығуға, терезенің төменгі жақтауларында және балкон қоршауларында тұруға, отыруға және жатуға;

- терезе сыртына сөмкелер мен басқа заттарды ілуге;

- бөлмеде көлемді заттарды, жанғыш материалдарды және уландыру заттарын сақтауға;

- хабарландырулар мен сабак кестелерін, суреттер репродукциясын және т.б. көрнекі құралдарды ілуге арнайы бөлінген орындардан бөлек тұрғын бөлмелер мен ортақ пайдалану орындарында (есік пен терезелерге) желімдеп жапсыруға;

- қоқыс пен тамақ қалдықтарын терезеден лақтыруға, кәріз құбырларына (раковинаға және унитаздарға) тастауға;

- тұрғын бөлмелердің есіктеріне өз бетімен құлпы орнатуға немесе есіктердегі орнатылған құлыптарды ауыстыруға, қосымша құлыптарды орнатуға;

- құмар ойындар ойнауға, дөрекі сөйлеуге, тәбелес ұйымдастыруға;

- басқа тұрғындардың тұрғын үй-жайларына, олардың келісімінсіз кіруге;

- каникул кезінде тұру бөлмелерін антисанитариялық жағдайда қалдыруға (қоқыстарды, тамақ қалдықтарын, лас ыдыстарды, кірді, бөлмені жинамай қалдыру және т. б.);

- жалпы қабылданған этикалық нормаларды бұзуға, студенттік жатақхананың тұрғындарына да, әкімшілігі мен қызмет көрсетуші персоналына да қатер туғызып, дөрекілік, зорлық-зомбылық көрсетуге.

2.4 Студенттік жатақханаларда тұратын Тұрғындарды ерікті негізде, жатақхананың студенттік кеңесі сабактан тыс уақытта өзіне-өзі қызмет көрсетуге, аумақты

абаттандыру және көгалдандыру, студенттік жатақхананың үй-жайларын жинау және еңбекті қорғау және техника қағидаларын сақтай отырып, жұмыстың басқа да түрлері бойынша жұмыстарға тартады.

2.5 Студенттік жатақханалардағы ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны, өзге де құқыққа қайши әрекеттер жасағаны үшін Тұрғындар қоғамдық ықпал ету шараларына, тәртіптік жауапкершілікке (университеттен шығарылғанға дейін) немесе занда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

### **3. МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАУ**

3.1 Осы Ереже талаптарын жауапкершілікпен орындайтын, қоғамдық-пайдалы, мәдени-бұқаралық және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуғе белсенді қатысатын Тұрғындар мынадай көтермелеге ұсынылады:

- алғыс жариялау;
- грамотамен марапаттау;
- естелік сыйлықтармен немесе бағалы жүлделермен марапаттау;
- келесі оқу жылына жатақханадағы орнын сақтау.

3.2 Университет Жарғысына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін тұрғындарға төмендегідей әкімшілік ықпал ету шаралары немесе тәртіптік жазалар қолданылады:

- ескерту;
- студенттік жатақхананың ішінде және оның іргелес аумағында қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту (тәртіп бұзушының келісімімен);
- басқа орынға көшіру;
- студенттік жатақханадан шығару;
- университеттен шығару.

3.2.1 Университеттің студенттік жатақханаларында тұру ережелерін өрескел бұзғаны үшін шығарылған Тұрғын жатақханаға қайта орналасу мүмкіндігінен айырылады.

3.2.2 Университеттің студенттік жатақханасынан шығару тәртіптік жаза шарасы ретінде, жатақхананың студенттік кеңесімен және Тәртіптік кеңеспен келісім бойынша қолданылады және Басқарма Төрағасы - Ректордың Бірінші орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

3.2.3 Университет жатақханасынан тұрғандарды шығару, ҚР азаматтары үшін – бұйрық шығарылған күннен бастап 10 күн мерзімде, шетел азаматтары үшін - шығу визасын алған күннен бастап 14 күн ішінде жүргізіледі.

3.2.4 Алкоголь ішімдіктерін ішкені, университет аумағында мас қүйінде жүргені, есірткі заттарын қолданғаны, студенттік жатақхананың мүлкін қасақана бұлдіргені үшін Тұрғындар университеттен шығарылғанға дейін тәртіптік жазаға тартылуы мүмкін.

3.3 Марапаттау мен тәртіптік жазалауды деканның оку-тәrbие жұмысы жөніндегі орынбасары студенттік кеңестің, жатақхана менгерушісінің, сондай-ақ ҚҚ қызметкерлерінің ұсыныстары бойынша жүзеге асырады.

3.4 Осы Ережелердің талаптарын бұзғаны туралы ақпаратты жатақхана менгерушісі және студенттер кеңесінің өкілдері, сондай-ақ ҚҚ қызметкерлері, факультет деканаттары, кураторлар және басқа да уәкілетті адамдар студенттік жатақхананың ескертулерін есепке алу журналында тіркейді.

#### **4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы Ереже бекітілгеннен кейін университеттің ресми Интернет-сайтына орналастырылады, студенттік жатақханалардың стенділеріне ілінеді және қол қойғызылып, тұрғындардың назарына жеткізіледі.

4.2 Осы Ережемен тұрғындарды таныстыруға жатақханалардың менгерушілері жауапты болады.